


Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау жөніндегі комитетімен
Келісілді

Төрағасы
(Төраға брынбасары)



**«Хоум Кредит Банк» АҚ Жарғысына
№ 4 өзгертулер мен толықтырулар**

«Хоум Кредит Банк» АҚ акционерлерінің
2011 жылғы «29» сәуірдегі
№1/2011 жалпы жиналысымен
БЕКІТІЛДІ

Алматы қ.
2011 ж.

1. Жарғының 3.2 тармағы келесі мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

«Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Банктің лауазымды адамдарының Банкке келтірілген залалдарды Банкке өтеуі және Банктің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Банкке қайтаруы туралы талаппен жүгінуге.».

2. Жарғының 8.1 тармағында:

он төртінші абзац келесі редакцияда мазмұндалсын:

« осы Банк активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банктің мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі»;

келесі мазмұндағы он бесінші абзацпен толықтырылсын:

«Банктің жарғысына, сондай-ақ Банктің акцияларды шығару проспектісіне сәйкес оның акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.».

3. Жарғының 8.4 тармағының екінші абзацы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Акционердің өтініші Банктің кіру құжаттарын есепке алу журналында тіркеледі. Банк акционерге сұралған ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін), коммерциялық немесе банк құпиясын құрайтын ақпараттан басқа, сұраныс түскен күннен он күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынуға міндетті.».

Басқарма Төрағасы



Павел Мацо

Handwritten signature

Handwritten signature